

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ТОЙ КЕМІМЕЙ, ОЙ КӨБЕЙМЕЙДІ

5-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



АУЛА НЕГЕ ТАРЫЛДЫ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ

Оралбай ӘБДІКӘРІМОВ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ:

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ФЕНОМЕНІ, ОНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ» АТАЛҒАН ЖАҢА МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ МОЛ ТӘЖІРИБЕСІ – ҚАШАН ДА ҚАЖЕТ БОЛАТЫНЫ ЖӘНЕ ТЕК БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІҢ ҒАНА ЕМЕС, ЖАҢА БУЫНДАҒЫ БАСШЫЛАР СӨЗСІЗ ЗЕРТТЕЙТІН ДҮНИЕ. Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ 30 ЖЫЛДЫҚ КЕМЕҢГЕРЛІГІНІҢ НӘТИЖЕСІ – БАРЛЫҒЫ ТАНЫҒАН, ТӘУЕЛСІЗ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ҚАЗАҚСТАН. НҰРСҰЛТАННЫҢ НҰРЛЫ ЖОЛЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА АПАРАТЫН АҚ ЖОЛ. СОЛ ЖОЛДАН АДАСПАЙЫҚ!

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№70 (4194)
Бейсенбі
17 маусым
2021 жыл

NurSultan

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



ЕЛ ТЫНЫСЫ




## ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ

**Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Қайырымды істер марафоны» аясында бүкіл Қазақстан бойынша қайырымдылық және әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өтуде.**

«Қайырымды істер марафоны» аясында қазақстандықтар балаларға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға арнап, 400-ден астам акция мен қайырымдылық жобаларын ұйымдастырды. Жалпы, 2021 жылдың 16 маусымына «Қайырымды істер марафоны» республикалық жобасы аясында жыл басынан бері 7000-нан астам қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар іске асырылды. 160000-нан астам мұқтаж азаматтарға қолдау көрсетілді. Марафонды ұйымдастыруға 100-ден астам ұйым, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ, «Верный капитал» компаниялар тобы, «ERG» және басқа да ірі компаниялар қосылды.

# БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Қазіргі кезде азық-түлік бағаларының тұрақтылығы қарапайым халық үшін ерекше маңызға ие. Осыған орай, қала әкімдігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру бағытында жүйелі жұмыстарды қолға алды. Солардың бірі – дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері. Көп ұзамай еліміздің өңірлерінің қатысуымен жәрмеңкелер маусымы ашылады. Қала басшылығы 14 жәрмеңке өткізуді жоспарлады. Тұрғындар жәрмеңкелерде азық-түлікті 10-15 пайызға төмен бағамен сатып алады.

2



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

## ТАҒЫ БІР ЕКПЕ СЫНАЛАДЫ

**Елімізде коронавирусқа қарсы тағы бір жаңа вакцина жасалады. Екпе QazCoVac-P деп аталады. Қазір екпені сынақтан өткізу үшін еріктілер тартылып, алғашқы кезеңге дайындық басталды.**

Отандық вакцинаның клиникалық зерттеу жұмыстары Тараз қалалық көпбейінді ауруханасының базасында жүргізіледі.

Сынақ екі кезеңнен өтеді. Оған 18 бен 50 жас аралығындағы адамдар ерікті түрде тартылып жатыр. Вакцина салынбас бұрын әрбір тұрғын толық медициналық тексерістен өтуі тиіс. Зерттеудің екі кезеңіне жалпы саны 244 адам қатысады. Алғашында екпе 44 адамға салынады. Олар 6 ай бойы дәрігерлердің бақылауында болады.

Жаңа вакцинаны Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты әзірлеген. Ғалымдардың айтуынша, жаңа вакцина суббірлікті. Яғни мұнда тірі вирус қолданылмайды. Оны адамдарға салмас бұрын тышқан мен маймылдарға салып көрген. Мамандар жануарлардың жеңіл қабылдағандығын айтып отыр.



## ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨСТІ

**Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстанда орташа зейнетақы мөлшері 100 мың теңге болғанын хабарлады.**

2021 жылдың басынан бері қазақстандықтарға 1.1 трлн теңгеден астам зейнетақы төленген. Қаңтар айынан мамырға дейін республикалық бюджеттен базалық зейнетақы төлеу үшін 342,6 млрд теңге жұмсалса, ынтымақты зейнетақы төлеуге 774,8 млрд теңге бағытталған.

Үстіміздегі жылдың 1 маусымындағы есеп бойынша елімізде 2 млн 243 мың зейнеткер бар. «Орташа зейнетақы төлеу мөлшері (базалық зейнетақымен бірге есептегенде) 2021 жылдың 1 маусымында 100 019 теңге болды» делінген баспасөз хабарламасында.

№70 (4194) 17/06/2021 Бейсенбі

## ЕЛБАСЫ

Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев пен «Лукойл» компаниясының президенті Вагит Алекперовті қабылдады. Кездесуде мұнай-газ саласындағы әріптестікті дамыту мәселелері мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспары талқыланды. «Лукойл» компаниясы – Қазақстанда бұрыннан келе жатқан ірі инвесторлардың бірі. Сіздер «Теңіз», «Қарашығанақ» сияқты кен орындарында жұмыс істейсіздер, «Каспий құбыр консорциумының» инфрақұрылымдық жобасына қатысып жатырсыздар» деді Алмасадам Сәтқалиев. В.Алекперов Елбасыға бірлескен жобаларды іске асыру, соның ішінде Каспий теңізіндегі бірқатар кен орындарын игеру арқылы Қазақстан экономикасына салынатын инвестиция көлемін арттыру жоспары туралы айтып берді.

## ПРЕЗИДЕНТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Мемлекет басшысына «көлеңкелі» экономика деңгейін қысқарту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді. Аталған міндет жүйелі әрі кешенді алдын алу шараларын әзірлеу және өткізу арқылы жүзеге асырылуда. Жанат Элиманов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бүгінге дейін 2,8 триллион теңге көлемінде жалған шот-фактуралар жазып берумен айналысқан 87 қылмыстық топтың жолы кесілгенін баяндады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде заңды тұлғалардың қолма-қол ақшаға айналдырған қаржы көлемін 24 пайызға азайту мүмкін болды. Бұдан бөлек, жасырын жұмыс істеген 10 цехтың қызметі тоқтатылып, есепте жоқ 800 мың шөлмектен астам алкоголь өнімі тәркіленді. Сондай-ақ 96 заңсыз ойын мекемесі жойылып, заңсыз айналымнан 1200-ден астам ойын автоматтары, терминалдар мен покер үстелдері алынды. Мұнай және мұнай өнімдері бойынша 40 заңсыз айналым дерегі анықталды.

## ПАРЛАМЕНТ

Мәжіліс депутаттары мемлекеттік сатып алу мәселелеріне қатысты заңнамалық түзетулерді екінші оқылымда мақұлдады. Аталған заң жобасымен жұмыс істеуде депутаттар өнім берушіні таңдау процесін едәуір жеңілдетуге және жылдамдатуға, сондай-ақ ашық бәсекелі нарық құру есебінен бюджет қаражатының үнемделуін арттыруға мүмкіндік беретін «электрондық дүкен» ұғымын нақтылауға; әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету үшін ғана емес, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін де жеке шотқа ақша салуға мүмкіндік беретін «электрондық әмиян» ұғымын нақтылауға; сатып алынатын тауарларды автоматтандырып сәйкестендіру мақсатында тауарлардың біріздендірілген сипаттамасын қалыптастыруға арналған «электрондық тауарлар каталогы» деген жаңа ұғымды енгізуге; «оффтейк-келісімшарттар» түріндегі мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді кепілдендірілген шарттар жасасуға және тағы басқа да бірқатар маңызды түзетулер енгізді.

## ҮКІМЕТ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экологияны жақсарту мәселелері қаралды. Nur Otan партиясының бағдарламасын орындау аясында 2 млрд ағаш отырғызу, еліміздің солтүстік өңірлерін газдандыру, 6 қоқыс өңдеу зауытын салу жобаларын іске асыруды бастау бағытындағы ауқымды жұмыстар қолға алынды. Көлік құралдары шығарындыларының атмосфераға әсерін төмендету үшін қоғамдық көлікті газға ауыстыру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр, электр көлігінің санын ұлғайту ынталандырылуда. Қабылданып жатқан шаралар 2025 жылға қарай 10 қалада атмосфераның ластану индексін жоғары деңгейден орташа деңгейге дейін төмендетуге және жалпы алғанда, ауа сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Жүйелі экологиялық проблемаларды шешу мақсатында үздік әлемдік практикаларды ескере отырып, жаңа Экологиялық кодекс қабылданды, оның элементтерінің бірі – ірі өндірістерде озық технологияларды енгізу. Жергілікті атқарушы органдар жұртшылықпен бірлесіп, қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуге, көгалдандыруға, «тарихи» ластануларды жоюға бағытталған Жол карталарын әзірлеп, бекітті. Премьер-министр автопаркті жаңарту бойынша кешенді шараларды одан әрі іске асыруды, отын сапасы мен шығарындылар көлеміне бақылауды күшейтуді, электр көлігі санының өсуін ынталандыруды тапсырды.

# ЖЕТІ ТҰРҒЫН АЛАБЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛАДЫ

**Таяу жылдары елорда толықтай газға қосылады. Қалаға газ желісін жүргізу экологияны біршама жақсартуға септігін тигізеді. Себебі жекеменшік сектордағы тұрғындар үйлерін енді көмір жағып жылытпайды. Сонымен қатар қауіпсіздік күшейтіліп, азаматтардың тұрмыс жағдайы жақсарады. Кеше қаладағы газ жүргізу жұмыстарының барысымен танысқан елорда әкімі Алтай Көлгінов бұл туралы өзінің инстаграм парақшасында баяндады.**



Әкімнің айтуынша, Көктал-1 тұрғын алабы толығымен газға қосылды. Ол үшін шағын ауданда 70 шақырым газ тарату желілері салынды. Тек осы елді мекеннің өзінде ғана 2600 үй газға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Газды үйінің ішіне дейін тартып алған Көктал-1 елді мекені тұрғындары газ қостыру үшін «ҚазТрансГаз» АҚ-ға хабарласуы керек. Одан бөлек, Батыс-Шығыс, Агрогородок, Өндіріс елді мекендерінде газ тарату желілерін салуды жалғасады. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный тұрғын алаптарында газбен жабдықтау желілерін салуда.

«Осылайша аталған алап тұрғындары жаңа жылыту маусымында үйлерін газбен жылыту мүмкіндігіне қол жеткізеді. Газдандыру үдерісі кестеге сай жүргізілуде. Мысалы, өткен жылыту маусымында Железнодорожный, Көктал-2 елді мекендері мен Агрогородок елді мекенінің бір бөлігі газға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Ол кезде біз 345 шақырым ішкі орам желілерін салғанбыз. Ал биыл тағы 317 шақырым саламыз, соның ішінде 170 шақырым желі алғашқы жартыжылдықта салынды. Газдандыру басталғалы бері үйді газбен жылытуға көшіру бойынша әлеуметтік ахуалы төмен отбасыларға әлеуметтік көмек беру механизмдері енгізілді. Әлеуметтік көмектің осы түрін алуға egov.kz электронды үкімет порталы арқылы өтініш беруге болады («Электрондық өтініштер» – «қызметке онлайн тапсырыс беру». Мазмұн жазылатын бағанда «Тұрғын үйді газдандыруға әлеуметтік көмек» дегенді, алушы деген бағанда – «Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау» дегенді басу керек). Сонымен қатар былтыр газға тариф бағасы төмендетілді: бір текше метр газ бағасы 45 теңгеден 34,6 теңгеге дейін арзандады (бұрын бір текше метр үшін 60 теңге белгілеу туралы айтылған). Жекеменшік сектор тұрғындары үшін біз есептегіш құралдарды тегін беруді қарастырдық. «Halyk bank» АҚ және «ECOJER» қауымдастығымен бірге үйлерді газға көшіру бойынша азаматтарға пайызсыз несие беру ісін ұйымдастырдық» деп жазды әкім.

Сондай-ақ жылу электр-орталықтарын жаңғырту жұмыстары жалғасуда. №1 және №2 жылу-электр орталығы ТЭЦ-2 бойынша төрт су жылыту қазандығы газға көшірілді, осы жылдың соңына дейін басқа да қазандықтарды газбен жылытуға көшіреміз. Газдандыру Елбасының стратегиялық жобасы болып табылады. «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры Орталық Қазақстан мен елорданы елдің бірыңғай газ көлік желісімен қосады. Бұл үдеріс Мемлекет басшысының тікелей бақылауына алынған» деп түйіндеді қала басшысы.

# БАҒА ҚАЛАЙ ТҰРАҚТАНАДЫ?

**Қала әкімдігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізуде.**

Жұмыс бірнеше бағытты қамтиды: тұрақтандыру қоры құрылды, «айналым тетігі» жобасы жалғасты, «форвардтық келісімшарттар» жасалды, маусымдық жәрмеңкелер мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен кездесулер өткізіледі және т.б.

Бірінші. «Айналым тетігі» жобасы жалғасты. Жобаға қатысушылар саны 4 желіден 9 желіге дейін кеңейді. Олар: «Магнум», «Астықжан», «Кеңмарт», «Анвар», «Рахмет», «Ақмол», «Бигшанхай», «Шапағат», «Вкусмарт». Бұдан басқа сауда желілеріне азық-түлік сатып алуға бөлінетін сома 24 есе артты, яғни 180 млн теңгеден 4,3 млрд теңгеге дейін (соңғы 4 жылда) ұлғайды. Бұл картоп, пияз, қырыққабат, сәбіз, күріш, қарақұмық, күнбағыс майы, жұмыртқа, ұн, құс еті, сүт, сүзбе және т.б. өнімдерді белгіленген бағамен сатуға мүмкіндік береді.

Екінші. 3 фермерлік шаруашылықпен 665 млн теңгеге жуық сомаға «форвардтық келісімшарт» жасалды. Маусымаралық кезеңде, яғни олардың бағасы өскен кезде көкөніс өнімдері қолайлы бағамен сатылады. Осылайша, сатылатын өнімдер тікелей сөрелерге түседі.

Үшінші. Нан бағасын тұрақтандыру жұмысы жалғасып келеді. Ол үшін отандық өндірушілерден ұн сатып алуға жергілікті бюджеттен қосымша 600 млн теңге бөлінді. Ұнның бұл мөлшері келесі егін жиналғанға дейін, яғни 2022 жылғы қыркүйекке дейін жеткілікті болады.

Төртінші. Сәуір айынан бастап Ақмола облысы Целиноград ауданы тауар өндірушілерінің және Нұр-Сұлтан қаласы кәсіпкерлерінің қатысуымен тауар өндірушілер мен көтерме сатушылардың бағалары бойынша демалыс күнгі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері (Сауран, 7 және Қосшығұлұлы, 14) өтіп келеді. Сонымен қатар жақын арада республика өңірлерінің қатысуымен жәрмеңкелер маусымы ашылады. 14 жәрмеңке өткізу жоспарланып отыр. Жәрмеңкелерде азық-түлікті 10-15%-ға төмен бағамен сатып алуға болады.

Бесінші. Жалпы ауданы шамамен 50 мың шаршы метр болатын 3 көтерме-тарату орталығын салу үшін инвесторлар жұмылдырылды. Бұл азық-түлікті үлкен көлемде көтерме-тарату орталығында сақтауға мүмкіндік береді.



# ШЕТ АЙМАҚТАР ШАҒЫН АУДАНДАРҒА АЙНАЛАДЫ

**Елордада 300 мыңға жуық адам тұратын 16 тұрғын алабы бар. Бұл – елорданың әрбір төртінші тұрғыны осы алаптарда тұрады деген сөз. Жұмыс жоспарымен Көктал-1 елді мекені тұрғындарымен кездескен қала әкімі аталған елді мекенде қордаланып қалған, атап айтқанда, жол салу, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, су тарту, кәріз салу, жарықтандыру және т.б. мәселелер шешіліп жатқаны жөнінде өзінің инстаграм парақшасында жазды.**

«Мысалы, Көктал-1 елді мекенін тұтастай газбен қамтамасыз еттік. Сонымен қатар биыл №40 мектеп-лицей аумағында екі ауысымда 1 мың орынды қамтитын тағы бір оқу орны салынды. Осылайша мектепке түсетін жүктеме азайтылып, жаңа оқушы орындары ашылады. Соған қоса осы елді мекенде қалалықтардың таза ауада салауатты өмір салтын сақтай отырып, уақытын пайдалы өткізуіне мүмкіндік беретін тағы 2 қоғамдық кеңістік саламыз. Өткен жылы елді мекенде бірінші рет парк салынды. Оның ауқымы – 15 га. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, бұл парк біздің қалалық парктен 2 есе үлкен. Көкталдағы жаңа паркте баскетбол, футбол алаңдары мен воркаут-аймақтар, тыныш демалуға және иттерді серуендетуге арналған аймақтар бар. Көктал-1 елді мекені тұрғындарымен кездесуде ең бірінші кезекте атқарылуы қажет жұмыстар туралы әңгімелесіп, пікір алмастық. Айтылған мәселелерді назарға алып, осы елді мекеннің алдағы даму жоспарына енгіземіз. Мемлекет басшысы елді мекендерді дамытуға ерекше көңіл аударады. Ел басшылығының тапсырмасымен барлық елді мекендерді дамыту бағытында жұмыс жүргізудеміз» деп жазды әкім.

Қала басшысының айтуынша, 13,5 км инженерлік желі, 5 км-ден астам кәріз желісі және су құбыры тартылып, 3 км-ден астам нөсер кәріздері салынды. Өткен жылы 40 қоғамдық кеңістік бос жатқан тың жерден жаңадан салынды. Олар – парктер, скверлер, бульварлар. Жоспарда тағы 50 парк пен сквер салу, 120 км-ден астам велосипед жолын төсеу және т.б. жұмыстарды атқару көзделіп отыр.

Өндіріс, Көктал, Ильинка, Железнодорожный елді мекендерінде дене шынықтыру және сауықтыру кешендерінің құрылысы жүргізілуде. Ол орындарда спортпен айналысуға арналған кабинеттерден бөлек егде жастағы адамдардың қызығушылығы бойынша клубтар, ХҚКО, полиция қосындары, пошта бөлімшелері және т.б. орналастырылатын болады. Аталған кешендерге тұрғындар тегін барады. Оларды биыл ашуды жоспарланған. Жақын уақытта елді мекендерде тағы 130 км сумен жабдықтау және су тарту желілерін, 85 км нөсер кәрізі, кіші стансалар, 177 км электрмен жабдықтау, 23 км жылумен жабдықтау желілерін және 3 нөсер кәрізін тазарту кешенін салу көзделген.

«Осылайша, біздің мақсатымыз – шет аймақтарды шағын аудандарға айналдыру. Бұл шағын аудандардың таза ауада демалуға арналған орындары, әлеуметтік нысандары, жайлы өмір сүру үшін қолайлы инфрақұрылымы және т.б. болады» деді әкім сөз соңында.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

**Бақытбек СМАҒҰЛ, Мәжіліс депутаты:**

**Соңғы бес жылда елімізде балаларға қарсы сексуалдық сипаттағы 3893 қылмыс тіркелген (2016 жылы – 851, 2017 жылы – 678, 2018 жылы – 739, 2019 жылы – 793, 2020 жылы – 832). Оның ішінде: зорлау – 748, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері – 672, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау – 1808, жас балаларды азғындық жолға түсіру – 665. Айта кету керек, 2020 жылдың қорытындысы бойынша зорлау фактісі 2016 жылмен салыстырғанда 45,8 пайызға өскен. Бәрінен бұрын, мұндай қылмыс жасаған адамдардың бостандыққа шығып, қайта осындай қылмыс жасауы қоғамда, жалпы әрбір адамда алаңдатушылық тудырады. Бұқаралық ақпарат құралдарында биылғы жылдың соңына дейін «32 педофил бостандыққа шығады» деген ақпарат тарады. Қылмыстық-атқару инспекцияларының орнына пробация қызметтері құрылды, олардың негізгі функцияларының бірі – сотталғандарды түзеп-тәрбиелеуге ықпал ету. Өкінішке қарай, олар әлі күнге дейін ескі тәсілдермен жұмыс істейді, бұл қызметте формализм көп.**

(06.06.2021. ІІМ Е.Тұрғымбаев пен Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовке жолдаған депутаттық сауалынан алынды)

## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



### МӘСКЕУ

Мәскеуде індет жұқтырғандар саны күрт өсті. Бұл туралы Ресей астанасының мэрі Сергей Собянин мәлімдеді. Соңғы күндері COVID-19 жұқтыру дерегі күрт көбейіп, Мәскеу ауруханаларына ауыр жағдайда түскендер саны 70%-ке артты. Сондай-ақ Мәскеу мэрі COVID-19 жұқтырғандарды емдеу үшін қосымша төрт мың төсек бар екенін айтты. Мәскеуде 15-19 маусым коронавирус инфекциясының таралуына байланысты жұмыс істемейтін күндер деп жарияланған. Соңғы мәлімет бойынша Ресейде COVID-19 жағдайының саны бір тәулікте 14 185-ке дейін өскен. Ең көп дерек Мәскеуде – 6 805, Мәскеу облысында – 1 135, Санкт-Петербургте 902 тіркелген.



### БЕЙЖІҢ

Бейжіңде электрондық юаньді екінші рет халық арасында сынақтан өткізу шарасы өтіп жатыр. Шаһардың 200 мың тұрғыны акция барысында 200 юань ұтып алды. Адамдар цифрлық ақшаны осы айдың 20-сына дейін дүкен, мейрамхана, ойын-сауық орталығы және басқа да орындарда қолдана алады. Жергілікті билік цифрлық юаньды жасап шығаруды 2014 жылы жылы бастаған. Жаңа ақша алғаш рет былтыр Гонконгпен шекаралас Шэньчжен аймағында қолданылды. Қытайдың цифрлық юаньды шығаруы батыс елдерін алаңдатуда. Олар Бейжіңнің бұл әрекеті ғаламдық резервтік ақша ретінде пайдаланылатын АҚШ долларын алмастыруға бағытталған деп ойлайды.



# ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ШЫНАЙЫ ҚҰРМЕТ

**Елордалық балалар коронавируспен күресіп жатқан медицина қызметкерлерінің бейнесін салды. Бұл челлендж Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан ұйымдастырылып, алдағы медицина қызметкерлері күніне арналды.**

Балалар сурет арқылы денсаулық сақтау туралы көзқарасын, әртүрлі аурулардан қалай сақтану керектігін жеткізді. Кішкентай Амелия өзінің суретінде баланы әртүрлі вирустан қорғайтын дәрігерді бейнелеген. Осылайша дәрігерлер халықты аурудан құтқаратынын көрсеткісі келді. «Олар бізді түрлі аурудан қорғап, қамқорлық жасайды. Суретте мені емдеп, аурудан қорғайтын анамды бейнеледім» дейді №6 қалалық емхана қызметкерінің баласы.

Тағы бір суретте жедел жәрдем көлігін бақылап тұрған кішкентай бала бейнеленген. Алпат «103» қызметінің шақыртуға кетіп бара жатқанын көріп, естен кетпес әсерде қалған. «Тереземнен «103» саны бар машинаның дабылын қосып, бір жерге асығыс кетіп бара жатқанын көрдім. Жанымда тұрған ағам жағдайы мүшкіл науқастарға баратынын айтты» дейді Алпат.



# СПОРТШЫЛАР ЕКПЕ САЛДЫРДЫ

**Елордадағы сауда орталықтарындағы вакцина пункттерінде танымал спортшылар екпе алды.**



Олимпиадалық емес спорт түрлерін дамыту дирекциясының басшысы Азамат Хамзин әріптестерінің ұжымдық иммунитет пен халық алдындағы жауапкершілігі жоғары екендігін айтып, барлық спортшылар маусым айының соңына дейін толықтай екпе салдыратындарын мәлімдеді. «Бізде қазір біраз спортшылар екпе салдырды. Денсаулығы жақсы, ешқандай өзгеріс болған жоқ. Жүйелі түрде жаттығуда. Бүгін 5 спортшымыз екпе алды» деді ол.

Танымал спортшы Гузель Манюрова отандық өндірушілерді қолдап, QazVac вакцинасын салдырғанын айтты. «Мен отандық өндірушілерді қолдап, QazVac-ты салдырдым. Көп таныстарым, әріптестерім QazVac-пен егілді» деді Манюрова. Оның айтуынша, Токиода өтетін жазғы олимпиада ойындарына қатысатын спортшылардың барлығы вакцина салдырған. «Олимпиада ойындарына қатысушылардың бәрі егілді. Себебі Токиода барлығы қатаң бақылауда болады. Жапондықтар – өте тәртіпті халық. Сол елге жеткеннен кейін телефоныңызға арнайы бағдарлама орнатып, күнделікті жағдайыңызды, дене қызуыңызды өлшеп отырасыз. Онымен қоса, сыртқа шығу уақытыңызды да алдын ала енгізіп отыру керексіз. Егер бұл ережелерді сақтамасаңыз, сізді және командаңызды өз еліңізге депортациялайды» деді ол.

# ҚАЙ МАМАНДЫҚТЫ ҚАЛАЙСЫЗ?

**Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Римма Иманғазинова колледжге оқуға тапсыратын талапкерлерді қабылдаудың жаңа ережелерімен таныстырды.**

Әкімдіктің баспасөз орталығында өткен онлайн брифингте 2021-2022 оқу жылында мектеп бітіруші түлектердің кәсіптік-техникалық бағыттағы білім беру ұйымдарына оқуға қабылданудағы өзгерістер, құжаттарды қабылдау мерзімдері хабарланды. Римма Иманғазинованың айтуынша, қазір болашақ студенттердің мамандық таңдау мүмкіндігі көп. «Егер бұрын мемлекеттік тапсырыс бойынша бекітілген орындарға колледждерге қабылдау жүргізілсе, қазір жаңа тетік бойынша – талапкерлердің өздері колледждер мен мамандық таңдайтын болады. Яғни мемлекеттік тапсырыс талапкердің таңдау қорытындысы бойынша орналастырылады. Бұл мемлекеттік тапсырысты бөлудің ашықтығын және талапкерлерді колледждерге қабылдауды қамтамасыз етеді» деді Римма Иманғазинова.

Тағы бір жаңалық – үміткерлерге өз мүмкіндіктерін ойлануға және мамандығын жақсылап таңдауға септігін тигізетін жаңа платформа іске қосылады. «Биыл алғаш рет мектеп түлектерінің бәріне ақпараттық жүйе арқылы кәсіби диагностикадан өту мүмкіндігі беріледі. Нәтижесінде талапкерге белгілі бір мамандықты таңдап алу ұсынылады, олар ұсынылған мамандықтардың карталарымен танысады. Кәсіби диагностиканың қорытындысы ұсынымдық сипатқа ие және мамандық таңдау кезінде септігін тигізеді» деді Білім басқармасы басшысының орынбасары.

Естеріңізге сала кетейік, Техникалық-кәсіптік білім ұйымдарына қабылдау 25 маусымнан басталады. Құжаттар екі жолмен, яғни «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе тікелей колледжге жүгінген кезде, кәмелетке толмаған жеке тұлғалар кәмелетке толған заңды өкілінің қатысуымен қабылданады.

ТжКБ ұйымдарына оқуға түсу кезінде 9 санат бойынша квоталар көзделген (бірінші, екінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалар және оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын ауыл жастары, жетім балалар, көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған және толық емес отбасылардан шыққан балалар, «қандас» санатындағы балалар).

Барлық квоталар талапкердің мәртебесін көрсететін құжатпен расталуы керек.

# ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМДІ ҚАЛАЙ ТЕЖЕЙМІЗ?

**Елдордада Дін мәселелері жөніндегі республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының (РИРТ) мамандары Діндерді зерттеу орталығымен бірлесіп, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.**

naima.kz.2012@bk.ru

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

Шараға қатысқан Н.Назарбаев атындағы әуежайдың Желілік полиция бөлімінің қызметкерлері ҚР ҰҚК Академиясының жедел психология кафедрасының аға оқытушысы Лола Шакимова пен сарапшы-психолог Бауыржан Шерияздановтың ой-пікірлерін тыңдап, өздерін толғандырған сұрақтарға тұшымды жауап алды.

Сонымен қатар, сарапшылар азаматтардың санасында деструктивті жалған діни ағымдардың идеологиясын қабылдамайтын иммунитет қалыптастыру, ксенофобты, агрессиялы, радикалды діни сенімдер мен идеологиялардың шынайы бет-бейнесін ашып көрсету, халқымыздың рухани құндылықтарын сақтау турасында өз ойларын ортаға салды.

Алғаш болып сөз алған сарапшы-психолог Бауыржан Шерияздановелімізде бір шаңырақтың астында тұрып жатқан ұлт пен дін өкілдерінің жарасымын, таулығын бұзғысы келетін күштерге қарсы тұрар халықтың ынтымағы мен иманын бекітудің жолы дәстүрлі діни құндылықтарды дәріптеуде жатқанын айтты.

– Терроризм идеяларын жою үшін жұдырықтай жұмылу, саяси қайраткерлердің, діни жетекшілердің, қоғамдық пікір көшбасшылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының ағартушылық бағыттағы кең ауқымды жұмысын жүргізу аса маңызды. Себебі ел аумағында жасырын немесе жария түрде қоғамға қауіп төндіріп отырған дәстүрлі емес деструктивті ағымдардың кең таралу мәселесі әлі түбегейлі шешілген жоқ, – деді Б.Шериязданов.

Сонымен қатар, кездесуде жат ағым қатарларын көбейтіп жатқан азаматтардың діннен хабары аз болатындығы, дәстүрден тыс діни ағымдардың қоғамды іштен ірітіп жатқандығы туралы ашық пікірлер айтылды. Дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы міндеттерін айқындады.



## СЕУЛ

Биылғы Сеул көрмесінде келушілер виртуалды рейспен қаланы айналып өте алу мүмкіндігіне ие болды. Жүргізушісіз ұшақтарды сынақтан өткізу қазірден басталды. Олардың бірі «Көбелек» деп аталады, ол тігінен қонып, ұшып кете алады. Электр батареялары арқылы жұмыс істейді. Алдыңғы және артқы қанаттары 4 бірдей бұрандамен жабдықталған. Олардың біреуі істен шыққан жағдайда да, ол қона алады. Ақылы басқарылатын такси дрондарын ұшыру 2025 жылға жоспарланған. 5G байланысының көмегімен дрондар ауадағы кедергілерді айналып өте алады. Сеулдің көрмесіне 40-қа жуық оңтүстіккореялық және шетелдік компаниялар қатысты.



## МАДРИД

Мадридте әйелдер еркектердің зорлық-зомбылығына қарсы наразылық шеруге шықты. Қыз-келіншектер тегіс қара түсті киім киіп алған. Феминистік қозғалыстың аяқ астынан басталып кетуіне Канар аралдарында жоғалған қыздардың бірінің өлі денесінің табылуы себеп. Мадридте қыз-келіншектер көбінде өз жұбайларынан зорлық-зомбылық көреді екен. «Рейтер» агенттігінің хабарлауынша, соңғы 18 жылда 1100 әйел күйеуінің қолынан мерт болған. Ал 2013 жылдан бері анасына зорлық-зомбылық көрсету кезінде 39 бала көз жұмған. Зорлық-зомбылықтан мүгедек болып қалғандар да бар.

## ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

? – Тұрғын үй алаптарын абаттандыру жұмыстары қалай жүріп жатыр? Шеткі аймақтар шет қалмай ма?

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**

! *– Қала бойынша 16 тұрғын үй алабы бар. Онда қаланың әрбір төртінші тұрғыны тұрады. Оларды инженерлік инфрақұрылым, абаттандыру, жол инфрақұрылымы, әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысына қатысты сұрақтар толғандырады. Сондықтан, біз тек қаланың орталық бөліктеріне ғана емес, шеткі аудандарды да дамытуға көп көңіл бөлеміз. Мәселен, былтыр тұрғын алаптарда 104 көшеге асфальт төселіп, 40-тан астам қоғамдық кеңістік (саябақтар, скверлер, бульварлар), аула абаттандырылды. Бірқатар әлеуметтік нысан салынды, оның ішінде мектептер де бар. Бұл жұмыс жүйелі түрде жалғасады. Шеткі аймақтарды дамыту және абаттандыру – қала экологиясын жақсартудың маңызды түйіні.*

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Әлібек ОМАР, елорда тұрғыны:**

**– Елорданың «Нұрлы жол» вокзалына жолаушыларды шығарып салушылар мен күтіп алушылар кіре ала ма?**

***Оқырман сауалына сұраққа вокзал менеджері Батырхан Әбдікәрім жауап берді:***

– Вокзалға Ashyq жобасы арқылы мәртебесін анықтаған кез келген азамат кіре алады. Жолаушылармен қатар, шығарып салушылар мен күтіп алушы азаматтардың барлығын тек қана Ashyq жобасы арқылы қабылдап жатырмыз. Ashyq жобасы түстерге сәйкес жұмыс істейді. «Қызыл» және «сары» түсті көрсеткен адамдардың вокзалға кіруіне рұқсат жоқ. Ондай жағдайда билеттерін қайтарудың жаңа механизмі жасалған. 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге бұл талаптың қатысы жоқ. Шетелдік азаматтарды төлқұжат нөмірі бойынша вокзал қызметкерлері тексереді. Жолаушылар вокзалға келерден бұрын телефондарына Ashyq қосымшасын жүктеп алуды ұмытпағаны жөн. Смартфоны не Ashyq қосымшасы жоқ жолаушылар вокзалға келетін болса, онда ол кісілер ЖСН-ін біздің қызметкерлерге көрсетсе болды, ары қарай мәртебесін тексеріп, айтып береміз.

## АСТАНА АУДАНЫ

**Абаттандырылған аулалар мен көшелер қолайлы қалалық ортаны қалыптастырудың маңызды көрсеткіші болып табылады. Міне, осы түйінге баса назар аударған Алматы ауданы абаттандыру жұмыстарын қарқынды жүргізуде.**

Қазір Б.Момышұлы даңғылы бойындағы 12 үйдің ауласында кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Сарайшық көпірінің маңында «Мамыргүл шағын бағы» абаттандырылып жатыр. Шағын бақта қазірге дейін мыңнан астам ағаш отырғызылды, оның 700-і – түрлі мамыргүл ағаштары. Бұйырса, бұл бақ та елорда тұрғындарының тағы да бір сүйікті жерлеріне айналатыны сөзсіз.

Алматы ауданында биыл 7000 шаршы метр аумаққа – бір жылдық, 71,6 шаршы метр аумаққа көп жылдық гүл егілді.

## ӨҢІР ӨМІРІ

**Оралда «Исатай» мен «Махамбет» атты су жаңа катерлер суға түсірілді. Бұған дейін кеме құрастыру зауытында тек шекара қызметіне арнап 27 су көлігі жасалған еді. Жеңіл салмақты қос катер «Қайсар» үлгісіне жатады. Ұзындығы – 14 метр, ал салмағы – 15 тонна. Жылдамдығын сағатына 70 шақырымға дейін арттыра алады.**

Зауыт жұмысшыларының айтуынша, басқару бөлмесінде ең соңғы үлгідегі навигациялық жабдықтар орнатылған. Қос батырдың есімін иеленген су көліктері енді Каспий теңізіне аттанып, жағалау қызметіне зор үлестерін қоспақ. Катерлер шағын болғанымен, теңізде 3 күндей өзі жүре алады. Тайыз жерде де, үлкен кемелер жүре алмайтын жерлерде де жұмыс атқаруға қауқарлы.



# ҚҰРЫЛЫС ҚАШАН БІТЕДІ?

**Мәслихаттың кезекті сессиясына дайындық аясында қалалық депутаттардан құрылған мониторингтік топ Нұр-Сұлтан қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің құрылыс барысымен танысу мақсатында бас қалада салынып жатқан бірқатар білім беру нысандарын аралады.**

Депутаттар аралау барысында осыдан бұрын айтылған ескертулердің қалай түзетілгенін, сондай-ақ мердігерлер өз нысандарын дер уақытында тапсыруы сияқты мәселелерге баса назар аударды. Депутаттар алдымен Есіл ауданындағы Бұқар Жырау және №38 көшелердің қиылысында салынып жатқан мектепке барды. Мұнда мердігерлер қаржының жетіспеуінен кәріз желісін тарта алмай отырғанын жеткізсе, А.Байтұрсынов пен А-56 көшелерінің қиылысындағы мектепті салып жатқан компания да қаржы тапшылығынан су құбырларын тарту, жол жасау жұмыстарының ақсап тұрғанын айтып, осы мәселелер дер кезінде шешімін таппаса, құрылыс жұмыстарының уақытылы аяқтауына зиянын тигізетінін атап өтті.



Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынып жатқан 4 мектеп биыл пайдалануға беріледі, келесі жылы тағы екеуі пайдалануға беріледі. Әрқайсысы 2000 орынға есептелген.

# МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ЖАЙЫН ТЕКСЕРДІ

**Бес жыл бұрын Елбасы бас қалада бірыңғай такси қызметін құруға тапсырма берді. Соны орындау мақсатында Astana Taxi Servise компаниясы жұмысын бастады. «Қазақстан» спорт сарайын жаңғырту жоспарланып отыр. Елордада сынапты шамдар және медициналық қауіпті қалдықтарды жоюмен және қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорын ашылған. Осылардың барлығы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асырылып жатыр. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары аталмыш нысандарды аралап, олардың жұмысымен танысты.**

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ




### ТАКСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮЙТКІЛІ ҚАНДАЙ?

Astana Taxi Servise осыдан төрт жыл бұрын елордада такси қызметін ұсынатын 17 тасымалдаушыны біріктірді. Компания бас директоры Олег Фатюхиннің айтуынша, бірігуден соң, Uber, Yandex сынды алпауыттармен бәсекеге түсуге мүмкіндік туды. Қазір бірыңғай такси қызметінде 700-ге жуық автөкөлік бар.

– Біз қазір бас қаладағы 350-ден астам компанияға қызмет көрсетеміз. Арасында Air Astana, «Қазақмыс» сынды ірі компаниялар бар. Ұйым ішінен сапаны бағалау бөлімін аштық. Бұл бөлім қызметімізді тұтынатын адамдардан такси қызметіне арыз-шағымдар мен ұсыныстарды қабылдайды. Тәулік бойы жұмыс істейтін телефондарымыз бар. Бүгіндері такси нарығының 10 пайызын алып отырмыз, – дейді О.Фатюхин.

Astana Taxi Servise компаниясында бизнес-класты көліктер де бар екен. Бірақ өте аз. «Lada Largus» автокөліктерімен арбаға таңылған мүмкіндігі шектеулі жандарға да қызмет көрсетіледі. Бұған да тапсырыстар көп түспейді.

– 2018 жылы қала әкімдігімен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында бес жылға келісімшартқа отырдық. Содан бері әкімдік қызметкерлеріне бір жерге бару керек болса, бізді шақыртады. Бұл жылына қала бюджетінің 40 пайыздайын үнемдеуге, әкімдік қызметкерлеріне уақыттарын тиімді жоспарлауға мүмкіндік берді. Мәселен, бұдан бұрын қызметкерлер көлік кезегіне тұрса, қазір мұндай проблема жоқ. Керек уақытында көлік шақыртып, жүре береді. 2017 жылдың аяғында ресми такси қызметіне автобус жолағымен жүруге рұқсат берілді. Бұл да уақытты үнемдейді, – дейді О.Фатюхин.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов әкімдік қызметкерлері соңғы жарты жылда таксиді көп күтетінін айтып өтті. Оның айтуынша, басқармалар соған шағымданған.

– Олар бұрын таксиді 5-7 минут, әрі кетсе 10 минут күткендерін жеткізді. Қазір күту уақыты 30-40 минутқа кетеді екен, – деді мәслихат хатшысы.

Astana Taxi Servise бас директоры әкімдікпен келісімшартқа отырғанда, тиісті құжатта такси қызметінің бағасын жыл сайын 10 пайызға өсіру қарастырылғанын айтып өтті.

– Келісімшартқа 2018 жылы отырдық. 2019 жылы тариф 6 пайызға өсті. Ал 2020 жылдан бері тариф өскен жоқ. Қазіргі тарифпен басқалармен бәсекеге түсу қиын. Біздің таксиге отырып, 2 шақырым жүрген адам 530 теңге төлейді. Мұндай арзан тариф қалада жоқ. Бұл ақша бензинді де ақтамайды. Ал бір күн бойы таксимен жүру 21 мың теңге тұрады. Автокөліктер паркін үнемі жаңартып отырамыз. Ең ескі көлікке – 4,5 жыл. 2015 жылы шыққан көліктерді қазір рейске жібермейміз. Соңғы бір айда жаңа 45 «Hyundai Accent» көлігін сатып алдық. Біз лизинг пен несиені қолданамыз. Жылдың соңына дейін тағы 100 шақты көлік сатып алуды жоспарлап отырмыз, – деді О.Фатюхин.

Astana Taxi Servise – бірыңғай такси қызметі «ЭКСПО-2017» мамандандырылған халықаралық көрмесі қарсаңында жұмысын бастады. Сол уақытта такси жүргізушілері арнайы киім киетін. Ал қазір қалай болса, солай киінеді.




Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов осыған назар аударып, жүргізушілердің киіну мәдениетін ретке келтіру керектігін айтты. Бірыңғай такси қызметін елордада енгізгенде, әрі қарай Алматы, Шымкент қалалары мен облыс орталықтарында енгізу жоспарланғанын еске салды. О.Фатюхин Алматы және Орал қалаларында мұны енгізу қаралып жатқанын жеткізді.

### СПОРТ САРАЙЫ ЖАҢҒЫРТЫЛА МА?

«Қазақстан» спорт сарайының бассейні жарамайтын болған соң, жабылғанына үш жыл болды. Содан бері жөнделмей жатыр. «Colosseo» компаниясы нысанды жаңғыртып, бассейнді жөндеуді жоспарлап отыр. Аталмыш компания биылғы 1 маусымға дейін жобалық-сметалық құжаттаманы тапсыруы керек еді. Алайда бұл орындалмаған.

Компания өкілінің айтуынша, нысанды қосымша зерттеу керек болған соң, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу кешеуілдеп жатыр. Бассейнді ғана емес, спорт сарайының шатырын да жөндеу керек екен. Жөндеу мен жаңғыртуға қажет қаржының 70 пайызын «Colosseo» ал 30 пайызын әкімдік салмақ. Мемлекет құятын қаржы аз емес – 25 млрд теңге.

Депутаттардың көпшілігі қаржыны үнемдеу үшін жаңғыртуды жасамай, нысанды тек жөндеу керек деп есептейді. Себебі газдандыру, басқа да өзекті жұмыстарға қаржыны жіберу маңыздырақ. Жалпы бұл жоба тоқтатылуы мүмкін. Алдағы дүйсенбі күні қала әкімінің орынбасары Асқар Әмриннің төрағалығымен жиын өтеді. Сол кезде спорт сарайының тағдыры шешіледі.

### ШАМДАРДЫ ЖИНАЙТЫН КОНТЕЙНЕРЛЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Өткен жылы №1 Индустриалды парк аумағында сынапты шамдар және медициналық қауіпті қалдықтарды жоюмен және қайта өңдеумен айналысатын «НТП Kazecotech» ЖШС құрылды. Бұл кәсіпорын 2020 жылы 735 827, осы жылдың бес айында 295 008 шамды жойды. Медициналық қалдықтарды жою үшін экобокс салынды.

Қазір елордада сынапты шамдарды жинауға арналған 600-ден астам сары контейнер бар. Бірақ жалпы алғанда, қоқыс тастайтын 5 мың алаң орнатылған. Сондықтан әрқайсысында бір-біреуден, яғни, 5 мың сары контейнер болуы керек. Ал тұрғын алаптарда шамдарға арналған контейнерлер мүлде жоқ. Кәсіпорынды басқарып отырған Владимир Андреевтің айтуынша, оларды көбейту үшін қаржы керек. Ал бюджеттен серіктестікке жылына 55 млн теңге бөлінеді. Кәсіпорын жұмысын үйлестіріп отырған Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы биылғы бюджеттен қосымша қаржы сұраған. Алайда Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы бұл сұранысты қанағаттандырмаған.

Осы аралау барысында анықталған мәселелер Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялардың отырысында әлі қаралып, мәслихаттың сессиясында талқыланады.




**Нұр-Сұлтандағы №1 көпбейінді қалалық ауруханасындағы эфферентті терапия және бағдарламаланған гемодиализ орталығы бүйрек жетіспеушілігінен зардап шегетін кез келген қазақстандыққа қызмет көрсетуге әзір. Бұған аталған орталықтың материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықталуы мен кадрлық әлеуеті толықтай жетеді. Мұны Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының кезекті сессиясы қарсаңында халық қалаулыларымен денсаулық сақтау нысандарымен танысу кезінде байқадық.**

# БІРЕГЕЙ ОРТАЛЫҚТЫ АРАЛАДЫ

wynbolat94@gmail.com
Шынболат КҮЗЕКБАЕВ

Өткен жылдан бастап №1 қалалық аурухананың базасында қызмет көрсетуді бастаған орталық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында жұмыс істейді. Қазір орталықта 106 науқас ем-дом алады. Оларды емдеу-сауықтыру шараларына жоғары білікті дәрігерлер тартылған.

– Біздің орталық – қаладағы ауруханалардың негізінен нефрология бөліміне түскен науқастарға көмек көрсететін бірден-бір ұйым. Сондай-ақ емханалар арқылы жоспарлау емдеуге жатқызылғандар да келіп жатады. Тәулік бойы жұмыс істейтін стационарда 16 төсек-орын бар. Стационарда науқастар нефролог дәрігерлермен бірге реанимотолог, анестезиолог сынды мамандардың да бақылауында болады. 2 төсек-орын реанимациялық жағдайға арналған. Сондай-ақ орталықта амбулаториялық жағдайда емделуге арналған 25 орын бар. Амбулаториялық емделуге көбіне гемодиализ алатын науқастар келеді. Бүйрек жетіспеушілігінен зардап шегетін науқастардың ауруын гемодиализ арқылы жеңілдетуге болады. Олар емнің бұл түрін бүйрек трансплантациясына дейін қабылдайды. Тіпті кейде сапалы жасалған гемодиализдің арқасында науқастар бүйрек трансплантациясынан бас тартады. Гемодиализ процедурасы 4 сағатқа созылады. Науқастар мұнда аптасына 3 рет келіп гемодиализ алып тұрады. Сондай-ақ қажетіне қарай қаладағы басқа ауруханаларға бүйрек жетіспеушілігінің салдарынан ауыр жағдайда түскен науқастарға барып, арнайы қондырғылармен емдеу-сауықтыру шаралары жүргізіледі. Республикалық санитарлық авиациямен келісімшарт негізінде Қазақстанның барлық өңіріне барып, науқастарды емдейміз. Коронавирустық инфекцияның таралу қаупі жоғары өңірлерде жұмыс істеуге де мүмкіндігіміз бар. Осы дертке шалдыққан, әрі бүйрек жетіспеушілігі бар науқастарға көмек көрсетіледі. Орталық соңғы үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Германияның жетекші медициналық компаниясымен әріптестік байланыс жолға қойылды. Олар бізге заманауи медициналық құрал-жабдықтарды жеткізіп береді. Бізде науқастарға мемлекеттік-жекеменшік жобасы аясында тегін қызмет көрсетіледі, – дейді орталық жетекшісі Евгений Иванов.

Қалалық мәслихат депутаттары «Жанұя» медициналық орталығына да барды. Нұр-Сұлтан қаласы маңындағы елді мекендер мен халық көп шоғырланған ауданның тұрғындарына алғашқы медициналық көмек көрсететін орталыққа 10 мыңнан аса адам тіркелген. Оларға емханада көрсетілетін медициналық қызметтің барлық түрі ұсынылады. Жақында орталықтың материалдық-техникалық базасы маммограф мен рентген аппаратымен толықпақ.

– Маммограф аппараты бір-екі күнде іске қосылады. Оның көмегімен әйелдерде сүт безінің қатерлі ісігін анықтау бойына скрининг жүргіземіз. Ал рентген аппаратын орнату үшін орталықтың жанындағы ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл ауданда халық көп шоғырланған. Қазір азаматтар үшін қадамдық қолжетімділік қағидасы маңызды. Олар өзі тұратын ауданнан ұзамай сапалы медициналық қызмет алғысы келеді. Жергілікті тұрғындардың бұл сұранысын біз қанағаттандырып келеміз. Алғашында орталықта медициналық есепте 2 мың адам тұрса, қазір нысан 10 мың адамға қызмет көрсетеді. Орталықтың қажеттілігін ескеріп, мемлекет тарапынан ғимараттарды жалға алу шығындарын жауап берсе деген ойымыз бар, – деді орталық директоры Гүлмира Бикетова.

Қалалық мәслихат депутаттары орталықтың қаржылық шығындарын ақылы қызметтер көрсету арқылы өтеу мүмкіндігін қарастыруға шақырды.

# ЕКПЕ КЕСТЕГЕ САЙ САЛЫНУЫ ТИІС

**Мамыр айынан бастап елімізде індет 1,7 есе төмендеді. Соның нәтижесінде Қазақстан – он күннен бері «жасыл аймақта». Бірақ елорданың жалғыз өзі «қызыл аймақта» қалуына бас қалада карантин талаптарының өзге өңірлерге қарағанда 2 есе көп бұзылуы себеп болған. «Ashyq» қосымшасы арқылы денсаулығы бойынша қызыл мен сары белгіні көрсеткен 8884 қазақстандықтың тең жартысы - бас қаланың тұрғындары болып шыққан. Бұл туралы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Айжан Есмағамбетова Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте хабарлады.**

ray77781@mail.ru
Райхан РАХМЕТОВА

Осы жиында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой мен оның орынбасары Ажар Ғинbackupият әдеттегідей журналистердің отандық екпе экспорты, вакцина төлқұжаты, вакцина зауытын іске қосу, медицинаның өзекті мәселелері бойынша сұрақтарына жауап берді.

Елдегі эпидемиологиялық ахуал вакцина алғандар және табиғи жолмен бір ауырып тұрып иммунитеті қалыптасқандардың есебімен жақсарды деуге болады. Бірақ соңғысында, яғни ауырғаннан кейін антидене пайда болғандардың жағдайы уақытша ғана жақсы, себебі ауруды қайта жұқтырып алып жатқандар көп. Сол себепті екпенің бірінші компонентін салдырған 2 587 884 адамның қатарын одан әрі арттыра беру керек, бұл әзірге вакцина салдыруы тиіс қазақстандықтардың 26 пайызын ғана құрайды. Қазір Қазақстанда күніне 90-100 мың адам вакцина алып жатыр. Министрлік бұл жұмысты одан әрі жандандырады. Себебі өткенде А.Цойдың өзі айтқандай, күзде елімізде ұжымдық иммунитет қалыптастыру үшін мүмкіндігінше қыркүйектің аяғына дейін 10 млн вакцина салынуы керек.

Құзырлы ведомство басшыларының сөзіне қарағанда отандық екпе елімізде де, шетелде де үлкен сұранысқа ие болып отыр. Қазақстандық вакцинаның танымалдылығын арттыру және оны өзге елдерге жеткізу жұмыстары жоспарланған. Дегенмен екпе экспорты – ұзаққа созылатын процесс, себебі басқа елдердің вакцинаны өзара мойындауы, өзіне тіркеуі қажет. Бұл жұмыстар біртіндеп жүзеге асырылады. Қазақстан қазір өз вакцинасын алуға мүдделі серіктестер іздестіруде. Екпені экспорттау мәселесі Жамбыл облысында салынатын QazVac вакцинасын шығаратын зауытқа тікелей байланысты. Зауыт іске қосылғаннан кейін ішкі және сыртқы нарықты қажетті вакцинамен қамтамасыз етуге қауқарлы болады. «Зауытты іске қосу және жөндеу жұмыстары аяқталды. Құрал-жабдықтарды тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жамбыл облысы әкімдігінің ақпаратына сәйкес, регламентке байланысты процедуралар жүргізілу үстінде. Күзге қарай бұл зауыт іске қосылып, өндірістік қуатын біртіндеп арттырады» деді Алексей Цой.

Тағы бір өзекті мәселе, бүгінде 10 мың мекеме мен 2 млн адам қолданып жүрген «Ashyq» қосымшасы арқылы тек 18-ден жоғары ересек адамдардың ғана тексеруден өтетіндігі. Ал коронавирусты тек үлкендер ғана емес, балалар да таратушы болып жүргеніне қарамастан аталған қосымша бар ғимараттарға олардың емін-еркін кіріп шығып жүргені қаншалықты дұрыс? Бұл ретте министрлік өкілдері қосымшаны алдымен елдегі ересек адамдардың басым көпшілігі қолдануын қамтамасыз еткеннен кейін жетілдіріп, балаларды да осы сары, жасыл, көк және қызыл статустар арқылы кіргізу мәселесі көтерілетінін жеткізді.



# ТОЙ КЕМІМЕЙ, ОЙ КӨБЕЙМЕЙДІ



**Мұхтар Әуезов «Байлығыңмен емес, біліміңмен жарыс» дейді. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Нұр-Сұлтан қаласындағы №90 мектеп-гимназиясының директоры, химия ғылымдарының PhD докторанты Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ – қазақ қашан ғылымға түбегейлі бет бұрады деп жүрген ұстаздардың бірі. Ол осы уақытқа дейін білім сапасына қатысты көптеген мәселелерді көтеріп, елордада ұлттық білім берудің бағыттарын қалыптастыруға үлес қосты. Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫМЕН саланың өзекті мәселелері жайлы сөйлестік.**

**– «Халық қашан білім мен ғылымға бет бұрады?» деп жүрсіз. Бірақ жұрттың көбі ғылымның ауыр жолынан гөрі қиындығы аз жеңіл жолды таңдайды. Неге?**

– Иә, бұл сөзді кезінде Алаш зиялылары да айтты. Себебі қоғамымызда ағарту жұмыстары дұрыс жүргізіліп жатқан жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде телевизия, интернет кеңістігі қай жаққа бұрылса, халық соған бұрылады. Біздің БАҚ той мен шоуды жазудан жалығар емес. Дәл қазіргі уақытта салмақты дүниелер көптеп насихатталу керек. Мемлекеттік деңгейде той жасауға мораторий жариялануы тиіс. Мейлі ол кімнің тойы болса да. Былтыр біз Абайдың 175 жылдығы мен әл-Фарабидің 1150 жылдығын белгілі бір деңгейде атап өттік. Осымен қоятын уақыт келді. Шыны керек, қазір біз мемлекеттік деңгейде тек қана той жасап жатырмыз. Мемлекеттік деңгейде халықаралық конференциялар ғана өткізіп жүрміз. Атқарып жүрген негізгі жұмысымыз – той мен жиналыс жасау. Той дегеніміз халықты ойландырмауға жақсы. Ал ойланбаған халық ешқашан білімге құмартпайды. Оралхан Бөкей «Адамды бұзатын – ой емес, ойсыздық» дейді. Біз ойсыз халыққа айналып барамыз. Қандай ұлы тұлғаның тойы болса да, тойға кемінде он жылға мораторий жасау керек. Дәл солай жиналыстарға да. Конференция өтсе де ғылымдық, білімдік бағытқа жасалсын. Сол кезде ғана халқымыз білімге бет бұрады. Бұл – бір. Екінші, халыққа кім тұлға? БАҚ кімді үлгі етіп жүр? Осы сұрақ маңызды. Елімізде халықаралық деңгейде небір жетістіктерге жетіп жүрген жүздеген жас ғалым бар. Бірақ БАҚ өкілдері солардың екі-үшеуін ғана айналдырып шақырып сұхбат ала береді. Неге? Басқасын танымайды. Қазір біз әнші, биші, шоумендердің артынан еріп жүрміз. Ақпарат құралдары кімді дәріптеу керек екенін, мемлекетке кімнің пайдалы екенін білмейді.

**– Сұраныс жоқ қой?**

– Егер телевизия бір ғалым мен бес әншіні беріп жатса сұраныс қайдан болады? Баланс жоқ. Керісінше, бес ғалымды, бір әншіні бер, сол кезде сұраныс артады. Жұрт ойлана бастайды. Сондықтан қоғамымызда шынайы тұлға болуға лайықты адамдар көбірек дәріптелу керек. Мен өнерді жоққа шығарып жатқаным жоқ. Тек Димаштың деңгейіндегі әншілерді ғана насихаттайық. Той-томалақтікін емес. Теледидардың бетінен түспей жүрген көп әншісымақтар өздеріне абырой мен атақ жинап алады да, жоқ болады. Қайсы халыққа пайдалы бір дүние жасапты? Ешқайсысы. Балалар да кішкентайынан жылтыраққа әуес болып, ғылым жолын емес, ән айтып танымал болуды көбірек ойлайды. «Аман бол, халқым» деген екі ауыз сөзден ән құрап айтқандар мен өзбектің әнін ұрлап айтып жүргендерді насихаттау қалың халықты тобырға айналдырады. Тобырға ешнәрсе керек емес. Білім-ғылымының да керегі жоқ. БАҚ-тың сұранысқа қарай жұмыс істеуі, өзін-өзі жоғалтуы деп ойлаймын. Ақпарат құралдары жетектеуші болу керек, жетекке еруші емес. Халықты интеллектуалдық бағытқа бұруға тиіспіз. Бір пандемияның өзі бізге ойлануды үйретуге тиіс еді. Бірақ болмады. Пандемиямен жарысып тойымызды қоймадық. Пандемиямен жарысып триллиондарды шашып, онлайн-конференция деп қатыса береміз. Егер «мемлекеттік машина» дәл осы жүрісін өзгертпесе, келесі буын да тобырға айнала береді. Өйткені арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, соңғысы да солай жүреді. Бұл жерде «мемлекеттік машина» бұрылу керек. Өсек пен тойдың айналасындағы ақпаратты таратуға тыйым салу қажет. Қарапайым мемлекеттік тапсырыстармен жұмыс істейтін сайттарға «Қазақ тілінде сауатты жазылмаса, мемтапсырыс қайтарылады» деген бір бап қосса, бүкіл сайт сауатты корректор іздейді. Талап болғанда ғана орындалады. Басқасының бәрі – бос сөз. Біз бүйту керек деп айта береміз. Бірақ шынайы құқықтық мемлекет болмасақ, халық тобырға айнала береді.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ТАРИХ ӨЗІ ЖАСАЙДЫ

**– Осыдан бірнеше жыл бұрын қазақ сыныптарындағы білім деңгейінің әлдеқайда жоғары екені жайлы сараптама жасадыңыз. Сол сараптамаңыздан нәтиже шықты ма?**

– «Құл қожайынынан жеген таяғын ешқашан ұмытпайды» дейді ғой. Сол сияқты біздің қоғам кезінде орыс тілін білмегені үшін таяқ жеді. Әлі соны ұмытқан жоқ. «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін» дедік. Бірақ оған жағдай жасайтын заң болмады. Қазір қазақ тілі ұлтаралық тіл болу керек деп ұсыныс жасайтын кез емес. Нақты заңмен бекітілуі керек. Конституциямыздағы «Қазақстан өзін тәуелсіз, зайырлы, құқықтық, демократиялы мемлекет ретінде орнықтырады» деген бап жұмыс істесе жетеді. Біз құқықтық мемлекетпіз бе? Заң үстемдік тауып, барлық адам бір заңға бағынса, қоғамымыздағы көп мәселе өздігінен шешімін табар еді. Заңның жаңағы тармағы жұмыс істегенде ата-ана баласын өзі сүйреп қазақ мектебіне апарады. Қазақ тілін баласына үйретуге өзі ақша бөледі. Еліміздегі ең үздік 100 мектепті алып қарасақ, соның тоқсан пайызы – қазақ мектептері. Иә, орыс сыныптары мықты болған, бірақ ол тарихтың тасасына кетті. Менің орыс мектебіндегі қазақ баласына жаным ашиды. Неге? Себебі солардың болашағын ойлаймын. Елімізде дамып жатқан облыс қайсы? Алматы мен Түркістан облыстары. Ал ол жақтардың қазақы қаймағы бұзылмаған. Азайып бара жатқан өңір қайсы? Солтүстік. Яғни қаласаң да, қаламасаң да болашақта қазақ тілінің жағдайын тарих өзі жасап береді.

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖАТТАУҒА АРНАЛМАҒАН

**– Ұстаз ретінде оқулықтардың сапасына көңіліңіз тола ма? Оқулық жыры қашан бітеді?**

> Жұрттың бәрі Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент сияқты ірі мегаполистерге көшсе, болашақта бізге аудандарды жабуға тура келеді. Ал аудандарды жапсақ, біз трагедияға тап боламыз. Бүгін жүз балалық мектептерді жабудан қорықсақ, болашақта мың балалық мектептердің жабылып қалуына куә боламыз

– Егер оқулық жазу жүйесін өзгертпесек, бұл мәселе ешқашан бітпейді. Оқулық жазу, бағдарлама жазу авторлардың негізгі жұмысына айналуы тиіс. Ал авторды баспа емес, құзыретті мекеме таңдап алуы қажет. Яғни Ұлттық ғылым академиясы оқулық жазатын маманды да, бағдарлама жасаушыларды да таңдауы керек. Авторлар жыл – он екі ай оқулықпен ғана бас ауыртып, сол мекемеде жұмыс істеп отыруы тиіс. Ол мектепте, университетте сабақ беріп жүріп оқулық жазбау керек. 3 жылға авторлар ұжымын оқу орындарынан келісімшартпен оқулық жазуға босатсыншы. Сонда ғана сапалы оқулық шығады. Ал екінші жұмысы ретінде қараса, онда одан сапалы оқулық шықпайды. Оқулықтың қатесін іздейтін қауымға күлкім келеді. Оқушының алдында сабақ беріп жүрген онсыз да қағазбасты мұғалім оқулықтың қай бетінде не жазып жүргенін өзі де білмейді. Оқулық шығару механизмі өзгермей, сапаға қол жеткізе алмаймыз. Баспа тек басып шығарумен айналыссын. Ал бізде оқулық жазумен тікелей баспалар айналысады. Осы уақытқа дейін бір оқулықтың айналасында 10-15 сараптама жазып, ұсыныс айтыппын. Еш нәтижеге қол жеткізе алмайтынымызды білгеннен кейін қойдым. Қазір біреу менен сұраса, «оқулық керек емес» деп айтар едім. Шынымен де, мұғалімі сауатты болса, оқулық керек емес. Мен оқулықсыз сабақ беріп жүрмін. Балалардың миын артық ақпаратпен, қате тапсырмалармен ашытқым келмейді. Оқуы керек дүниелерді өзім тауып беремін. Қазір бәрі электронды. Жыл сайын балаларға беріп жүрген материалдарымды жинақтап, «Химия: ҰБТ» деген жинақ дайындадым. Оқушыларым сол кітаппен оқиды. Ал мектептегі химия оқулығы химия емес, тарихқа, географияға ұқсайды. Жаратылыстану ғылымдары жаттауға арналмаған. Ойдың ғылымы. Ал оқулықтар жаттауға арналған. Не жаттығу жоқ, не қорытынды тест пен есеп жоқ. Сылдыраған теория.

## АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ КЕРЕК

**– Ауылдағы мектеп пен қаладағы мектептің айырмашылығы қандай? Сапалы маман ауылдан неге қашады?**

– Ең әуелі сол шалғайдағы мектептер «Сапаны талап ете ала ма?» деген сұрақ туады. Қоғамға шынайы мектептегі оқушының бағасы емес, білімнің жағдайы керек болғанда сапалы маман іздейтін бе еді? Бірақ қоғамға баға мен шу керек. Бір ата-ана баласының білімінің сапасыз болғанына бір мектепті сотқа берсе, бүкіл білім ұясы есін жияр еді. Ата-ана баласына жақсы баға қоймағаны үшін емес, пәнін дұрыс өте алмағаны үшін мұғалімді кінәласа, қоғам өзгерер еді. Бір студент лектордың сабақ өтпей шай ішіп отырғанына бола оны сотқа берсе, қоғам өзгеретін еді. Ондай лекторлар көп. Сапалы білім қаласақ, 200 оқушыдан аз мектепті жаба салу керек. Иә, мүмкін емес. Егер бүгін біз қырық-ақ отбасы тұратын ауылдарды жаппасақ, ертең аудан орталықтарын жабатын боламыз. Егер біз ауылдарды біріктіру жүйесін жасамасақ, ертең аудандарды жабатын күйге душар боламыз. Онсыз да аудандар жабылып жатыр. Ауылдың халқы аудан орталығына емес, неге ірі қалаларға көшеді? Өйткені аудан орталықтарын дамыта алмай отырмыз. Жұмыс жоқ. Сондықтан халық жаппай астанаға көшіп жатыр. Жұрттың бәрі Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент сияқты ірі мегаполистерге көшсе, болашақта бізге аудандарды жабуға тура келеді. Ал аудандарды жапсақ, біз трагедияға тап боламыз. Бүгін жүз балалық мектептерді жабудан қорықсақ, болашақта мың балалық мектептердің жабылып қалуына куә боламыз. Бұл – менің жеке пікірім. Қазақстанда миллиондық қаладан 15 қала жасайтын механизм құрылмаса, келешекте 4-5 қалаға айналып қаламыз. Сол ірі 4-5 қалаға айналғанда жаңағы ауылыңның бәрі жабылады. Сондықтан аудан орталықтарын дамытуымыз керек. Әйтпесе жұрт қалаға көшкенін қоймайды. Мемлекет халықтың қай қалаға көшетінін бағыттап, таңдау беруі тиіс. Қазір халықта таңдау жоқ. Тек Нұр-Сұлтан мен Алматыға көшеді. Өйткені дамып жатқан, жағдай жасалып жатқан бірнеше қала ғана. Мен Түркістан мен Ақтауды ғана осы сияқты қалаға жатқызамын. Мысалы, Петропавл – қала емес, үлкен ауыл. Жезқазған мен Семей – тозған ауыл. Ал Арқалық – күйреген ауыл. Қала емес. Дәл осы қалалардың білім сапасы туралы мәселелерді көтеру керек. Жезқазғанның түбіндегі Ұлытауда отырған адам астанаға емес, Жезқазғанға көшу керек. Неге 200 балалық мектеп жабыла салу керек деймін? Өйткені бұл мектепте бір пән мұғаліміне әрі кетсе 10 сағат тауып бересің. Он сағатқа есі дұрыс мұғалім жұмысқа бармайды. Ауылдағы мектептердің көбінде бір мұғалім қатар бірнеше пәннен сабақ беріп жүр. Одан қандай сапа күтесің? Сапасыз мектепті ұстап отырғанша жаба сал. Жұрт мені жейтін шығар, бірақ ауыл дегенді қоятын уақыт келді. Иә, біреулер ауыл шаруашылығы дамымай қалады дер. Бірақ біздің ауылдардың халқы ауыл шаруашылығын дамытатын халық емес. Ауыл шаруашылығын қожалықтар ғана алға сүйрер, ал ауыл тұрғындары ауылда отырып магазиннен сүт алып ішеді. Иә, нағыз ауылдар Түркістан, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында ғана бар. Ақмоладан ауыл көрмеймін. Петропавлдан ауыл көрмеймін. 4-5 үйдің біріккен қыстағы. Ондай ауылдарды жаба салу керек. Аудан орталықтарына біріктіріп, сапалы мектебін салып, сапалы білімге көшуіміз керек. Бірер жыл бұрын астанада өртке оранған 5 баланың өлімі – тікелей білім саласының кінәсі. Неге? Ауылдағы жүз балалы мектепке сапалы маман бармайды. Әркім баласының сапалы білім алғанын қалап, баласы үшін қалаға көшеді. Содан кейін қаладағы әлеуметтік проблемалар асқынады. Өйткені жұрт жиылып қалды. Астанада да үш ауысымды мектеп көбейіп, мектеп салып үлгермей жатыр. Мені алаңдататын да осы мәселе. Елордада жасалып жатқан шарт-жағдай басқа қалаларға да жасалу керек.

**– Өткен оқу жылынан бастап білім бөлімдері ауданнан облысқа беріліп жатыр. Бұл жемқорлыққа тұсау ма?**

– Ақшамен шешілетін ҰБТ соңғы екі жылда жоғалды. Екіншіден, жемқорлық пен надандық – тауық пен жұмыртқа сияқты. Бірінен-бірі туады. Өзі пара беріп жұмысқа кірген адам ақшасын шығару үшін басқалардан да пара алады. Қоғам білімге бет бұрып, өзін-өзі тәрбиелей бастағанда ғана жемқорлық жойылатын шығар. Тек білім саласы ғана емес, тұтас сала жемқор. Сондықтан қоғам тұтас тазару керек. Аудандық білім бөлімдерінің жабылуы біраз жемқорлықты ауыздықтауға әкеледі. Кейбір аудандық жерлер министрдің пікірін елемейді де. Сондықтан белгілі бір дәрежеде шешер, бірақ түбегейлі емес.

**– Қазір білім беру ісінде жігіттердің үлес салмағы аз. Өзіңіз де мұғалім ретінде бұл үрдісті байқап жүрген шығарсыз. Жалпы ер-азаматтың тәрбие беру ісіне араласпауы қаншалықты дұрыс?**

– Бізде бір жаман психология қалыптасты. «Қыз – жат жұрттық, қыздар оқу керек» деп, ұлдарды екінші орынға ығыстырып қойдық. Осыдан барып үлкен мәселе туындап отыр. Қандай? Қыздың бәрі оқыған, білімді. Ұлдың 70-80 пайызы – күзетші мен таксист. Ал күзетші мен таксисті білімі жоғары, шетел көрген қыз менсіне ме? Менсінбейді. Содан барып қыздарымыз отырып қалады немесе шетелдіктерге шығады. Тура кеңес заманындағы жағдайдың керісі. Неге күллі қазақ зиялылары өзге ұлттан әйел алды? Өйткені жазып, сызуды білетін, жазғандарының бір жағына шығып көмек беретін білімді қазақ әйелдері болмады. Сондықтан орыс, татар ұлттарының оқыған қыздарын алды. Тура сол қоғам қазір керісінше болып жатыр. Жастар қоғамда патриархат деп шулап жүр ғой. Жоқ, біздің қоғам матриархат. Мен қаншама ата-анамен жұмыс істеймін, баласының оқуын шешетін әкені жүзден біреу ғана кездестіремін. Отбасындағы тәрбие әкеде болмаса, ұлдан еркек мінез шықпайды. Өйткені отбасында табысты әйел көп табады. Себебі ол білімді. Бұл – қыздарды оқытпа дегенім емес, ұлды да оқыту керек дегенім. «Ой, ол ұл бала ғой, өлмейді» деген ойды тастау керек. Мысалы, астана мектептері директорларының 70-80 пайызы – әйел. Баланы үйінде әйел тәрбиелейді, мектепке келсе әйел мұғалім, одан қандай ұл шығады?..

**Сұхбаттасқан**
**Көктем ҚАРҚЫН**

# ЖАСТАРҒА НЕ ЖЕТПЕЙДІ?

**Өткенде Оралхан Бөкейдің шығармасынан «Бұрынғылар айтушы еді: «Шын ғашық бұл дүниеде қосылмайды» деп, мүмкін сол рас шығар. Баяғы зар заманда қосыла алмағаны түсінікті, ал қазір ше, қазіргі жастарға не жетпейді?» деген үзінді оқыдым. Оқыдым да, ұзақ ойға қалдым. Шынымен де, Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Еңлік-Кебек, Қалқаман-Мамыр, Ләйлі-Мәжнүн өз махаббаттары жолында жандарын құрбан етті. Бәрінен бұрын олардың осы бір пәк, нәзік сезімге деген адалдығы мен жанкештілігі өткенге мұра болып қалды. Ал қазір кейбір жастар үшін махаббаттың ешқандай құны қалмағандай. Үйлену де, үй болу да, ажыраса салу да оңай. Неге? Не себепті?**



XXI ғасыр дейміз... Сонда XXI ғасырдың өткен ғасырдан не айырмашылығы бар? Әлде мәселе сол бос дүниеге, ақшаға келіп тіреле ме? «Оның көлігі жоқ, ақшасы жоқ, ондай жігітті қайтейін?» дейтін қыздарымыз жоқ емес. Иә, осындайды жиі еститін болдық. Бұрынғы кезде қазақ қыздарын мәжбүрлеп бай әулетке тұрмысқа беруші еді. Ал қазір қыздар бай адамды, бай әулетті өздері іздейді. «Сүйемін, күйемін» деп үйленіп алып, көп уақыт өтпей ажырасып жатқандар да көп. Халқымыздың санасын улаған «азаматтық неке» деген де бар. Батыстың қаңсығын өзімізге таңсық етеміз деп жүріп ұлттық дәстүріміз бен болмысымыздан ажырап қалдық. Еркек пен еркектің қосылуына, әйел мен әйелдің заңды неке құруына жасыл шам жағып отырған жабайы батыс үшін азаматтық неке қалыпты жағдай шығар. Бірақ жеті атадан қыз алыспаған, қызды қонақ деп төрге шығарған біздің халқымыз үшін бұл жат ұғым. Бүгінгі таңда ақ некенің қадір-қасиетін түсіргендер ажырасушылардың санын көбейтуде. Айталық, Нұр-Сұлтанда әрбір үшінші отбасы ажырасады екен. Қазақстанның солтүстік өңірлерінде әрбір екінші отбасының шаңырағы шайқалады. 82 пайызының ортақ балалары бар. Өткен жылы Қазақстанда 40 мыңнан астам ажырасу фактісі тіркелді.

Алайда бұл статистикалық деректер тек заңды некеге тұрып, ажырасқандарға ғана қатысты. Ал мұсылманша некесін қидырып, ешқандай заңға жүгінбеген ерлі-зайыптылардың қанша екендігі жөнінде ресми дерек жоқ.

Шаңырақ берік болмаса, көп ұзамай шайқалатыны анық. Соның салдарынан ажырасу жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетуде. Бала жетім, әйел жесір қалуда. Мұның несі махаббат? Несі сүйіспеншілік? Некеге салғырт, ажырасуға бейжай қарауымызға не түрткі? Ошақтағы түтінді сөндіріп алмаудың қамын жасайтын қазағымның қанына сіңген асыл қасиеті барған сайын неге сұйылып барады? Әлде жұрттың бәрі жаһандану жалынынан қорғана алмай жатыр ма? Махаббат мейлі XXI ғасыр немесе XXII ғасыр болсын «махаббат» күйінде қалу керек. Адал ниетпен, пәк махаббатпен көтерген отбасының болашағы жарқын.

**Сая МҰРАТҚЫЗЫ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**

# АУЛА НЕГЕ ТАРЫЛДЫ?



**Тұрғындардың жайлылығы үшін оларды қажетті инженерлік инфрақұрылым-мен қамтамасыз етіп, аулаларды абаттандыру, балалардың ойын алаңдарын жасақтау – жергілікті атқарушы орган жұмысының басым бағыты. Өткен жылы қалада 150-ден астам аула заманауи үлгіде әрленіп, жергілікті тұрғындардың көз қуанышына айналса, биыл бұл қатар тағы 150 ауламен толығады. Әйтсе де редакциямызға хабарласқан қала орталығындағы Сығанақ көшесіндегі №21 үй тұрғындары дәл осы аулаға қатысты жайттың көптен көңілдеріне қаяу түсіргендерін айтып шағынды. Шағымданушылармен жүздесіп, балалық шағы қуықтай ғана ойын алаңы мен оған іргелес «сақалды» құрылыстың маңында өтіп жатқан олардың балаларын көргенде бұл мәселенің шынында өзектілігіне көз жеткіздік.**

wynbolat94@gmail.com

**Шынболат КҮЗЕКБАЕВ**

2004 жылы Қорғаныс министрлігінің қызметкерлеріне арнап салынған үйге алғаш қоныстанушылардың қуанышында шек болмағаны анық. Министрліктің ғимараты іргесінде. Енді-енді бой көтеріп келе жатқан жас қаланың көрікті орындары да қарыс қадам жерде. Тіпті мұндағы тұрғындар дәл осы мекен Есілдің сол жағалауындағы ең алғашқы тұрғын үй болғанын айтады. Дегенмен Сығанақ көшесі №21 мекенжайына қоныстанғандардың қуанышы ұзаққа барған жоқ.



Арада 2 жыл өтпей тұрғын үйдің іргесінен тағы бір үйдің құрылысы басталған. Кейіннен бұл нысанның құрылысы №21 үйге тиесілі жерге заңсыз жүргізілгені анықталды. Онысымен қоймай, дәл осы үйдің ауласындағы 13 сотықтан астам жер телімі де жеке кәсіпкердің меншігіне өткен екен. Алғашында мұнда көпқабатты автотұрақ пен көлік жуу орнын ашуға ниет танытқан кәсіпкердің шаруасы да көп ұзамай сиырқұйымшақтанып кеткен көрінеді. Содан бергі аралықта жердің меншік иесі бірнеше мәрте өзгерген. Тұрғындар оның да өзіндік себебі бар екенін айтады.

– Өз үйімізге тиесілі аумақтың жеке кәсіпкерге сатылып кеткенін 2013 жылы білдік. Сол сәттен бастап Есіл ауданы әкімдігінен бастап түрлі мемлекеттік органдарға өтінішпен шықтық. Алайда ешқандай нәтиже жоқ. Құрылыс жұмыстары сол басталмаған күйінде тұр. Есесіне соңғы 10 жыл ішінде осы жер телімінің меншік иесі 6 рет ауысты. Жер телімі 2016 жылы жеке кәсіпкер Елдос Мұсабековтің иелігіне өткен. Одан кейінгі 3 жыл ішінде жер телімінің өз мақсатында пайдаланылмағанын көрген соң тағы да шағымдана бастадық. Осы кезде әлгі кәсіпкер жерді әкесі Нұрлан Мұсабековтің атына аударып берді. Меншік иесін 3 жыл сайын ауыстыру арқылы ол тексерістен қашып жүрген сыңайлы. Жерді иеленген кәсіпкердің әрекетіне құзырлы органдар назар аударады деп отырғанымызда, меншік иесі ауысып шыға келеді.

Жалпы Жер кодексіне сай кәсіпкердің жеке меншігіндегі жерді мемлекеттік меншікке алуға болады екен. Тек мемлекет кәсіпкерге басқа аумақтан тиісті көлемдегі жер телімін тауып беруі керек, – дейді Сығанақ көшесіндегі №21 үйдің тұрғыны, отставкадағы полковник Хасейн Қуанышқалиев.

Тұрғындардың айтуынша, осы мәселе бойынша 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінде көшпелі жиын өтіпті. Басқосуда тұрғындар үй ауласындағы жер телімін жеке меншіктен мемлекет меншігіне алу туралы бастама көтерген. Соңында тараптар қала әкімдігінің Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасына хат жолдау туралы шешімге келген. Әйтсе де белсенді топтың бұл әрекетінен нақты нәтиже шыққан жоқ.

Осылайша тұрғындардың талай жылдан бері өз ауласындағы жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылып, онда заманауи үлгіде балалардың ойын алаңы ашылып, жаттығу құрылғылары орнатылар деген үміттің жетегіндегі жүрген әрекетінен қайтарым болмай тұр.

– Жасыратын несі бар, біздің балаларымыз құрылыс алаңында ержетті. Осы құрылысты қолға алғандарға тиісті шара қолдану бойынша әкімдікке, мемлекеттік органдарға жасаған өтініштерімізден де ешқандай нәтиже шықпады. Ал күн сайын ауладағы көзге қораш көріністі көру көңіл күйге де кері әсер етеді. Бұл үйде (Сығанақ көшесі, 21) қорғаныс саласына еңбек сіңірген офицерлер тұрады. Осы жағдай бізді қынжылтады, – дейді үй тұрғыны, отставкадағы полковник Виктор Тимещенко.

Шынында, ойын баласын «сақалды» құрылыстың іргесіндегі шағын ғана аланда құмары қанып ойнайды деу қиын. Сондықтан олар көрші үйлердің ойын алаңын жағалауға мәжбүр. Мұндайда қай кезде көңілі балада болатын ата-ананың далада жүрген бүлдіршіннің саулығын ойлап мазасы қашады.



> Тұрғындардың айтуынша, осы мәселе бойынша 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінде көшпелі жиын өтіпті. Басқосуда тұрғындар үй ауласындағы жер телімін жеке меншіктен мемлекет меншігіне алу туралы бастама көтерген. Соңында тараптар қала әкімдігінің Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасына хат жолдау туралы шешімге келген. Әйтсе де белсенді топтың бұл әрекетінен нақты нәтиже шыққан жоқ

– Балаларға арналған ойын алаңы жоқтығынан олар кейде көрші үйлердің ауласына барып ойнайды. Ойын жасындағы 2 немерем бар. Соларды кешкісін жақын маңдағы үйлердің аулаларын аралап жүріп әзер табамын. Ауламызда шағын спорт алаңдары, жаттығуға арналған құрал-жабдықтар болса, бұлай әлекке түспес едік, – дейді Әбусағит Қадыров.

Үй ауласындағы «сақалды» құрылыспен бірге дәл осы аумақта жүргізілген №23 тұрғын үйдің құрылысы да олардың бас ауруына айналған.

– Бұл үйдің өзіне тиесілі жері жоқ деп айттым. Сондықтан тұрғын үйдің алдына жүргізілген құрылыс нысандары №21 тұрғын үйдің 1-кіреберісін жауып қалды. Қалалық әкімдік 2013 жылы тұрғын үй тұрған жерді уақытша пайдалануға берді. 2018 жылы сол мерзімі аяқталды. Демек, үй ауласындағы кейбір нысандар да сүрілуі керек болатын, – дейді Хасейн Құспанұлы.

**Қалай десек те еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру жолында қызмет еткен ардагерлердің қорғансыздың күйін кешіп жүргені қынжылтады...**

**Кез келген мемлекетте туризм саласы, оның әлеуеті мен қызмет көрсету сапасы өте маңызды орын алады. Елге келуші туристер мен меймандардың саны артқан сайын қазынаның бүйірі толады. Бұл – экономиканың қуаттануына бірден-бір оң әсер ететін фактор. Қазіргі кезде қоғам өкілдері, әсіресе жастар, туризмге үлкен қызығушылық танытып отыр. Бұл таңғаларлық жағдай емес. Уақыттың да талабы осы болар?..**

# ОТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Туризмді әр адам әрқалай түсінетіні сөзсіз. Кейбіреулер туризм демалыс уақытын қызықты өткізу, жақын адамдарымен саяхаттау деп түсінеді. Ал енді біреулер үшін өзге ел көру, жер көру, өзі үшін ешқашан көрмеген жаңа тарихи жерлерді ашу. Әрине, екі түсінік те өзінше дұрыс. Туризмі жақсы дамыған мемлекет – экономикасы жоғары мемлекет. Ал дәл осы туризм Қазақстанда қандай деңгейде? Еліміздегі туризм дамуының деңгейі қолда бар туристік әлеуетті толығымен пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Әлем бойынша туризм жақсы дамыған елдер арасында бірінші орында – Франция, екінші орында – АҚШ, үшінші орында Испания екен. Ал Қазақстанға келсек, отандық туризм деңгейі аса керемет деп айтуға келмейді. Ұлы дала елі жер көлемі бойынша дүние жүзінде 9-орын алады. Кен байлықтарының қоры мен әралуандығы жағынан Жер шарындағы бай аймақтардың бірі. Табиғат көркі, тарихы, ескерткіштері мүлде бөлек әңгіме болары сөзсіз. Ендеше не себепті Қазақстан туризм дамуы бойынша алғашқы ондыққа да кірмейді? Менің ойымша, мемлекет өз мүмкіндіктерін дұрыс қолдана алмай отыр. Ендеше саралап көрейік. Біздің еліміздегі басты проблемалардың бірі – транзиттік мәселе. Яғни жол мәселесі. Бүгінде еліміздің барлық шаһарларында, аудандар мен ауылдарда дәл осы проблема бар. Ал ел ішіндегі осындай мәселені біржақты ете алмаған мемлекет көп туристерді қабылдауы оңай болмайтыны шындық.

Келесі бір мәселе – бұл туристік ұйымдар мен нысандардың аздығы мен қызмет сапасының төмендігі. Алайда «көш жүре түзеледі» деген бар. Кең-байтақ Қазақстанның жауһар табиғаты кімді болсын еліктіреді. Бір айта кетерлігі, еліміз әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 туристік бағыттың қатарына қосылуды көздеп отыр. Демек, олқылықтардың орны толады. Туризм саласын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Ресми мәліметтерге сүйенсек, оған бөлінетін қаражаттың 70 пайызы жеке инвестициядан келеді. Осындай шаралардың арқасында шетелдік туристер ағымы үш есе артып, 9 миллионнан аспақ. Бұл ретте елорда туризмді дамытудағы негізгі қала болмақ.

Алатаудағы Шымбұлақ, Елбасы пәрменімен қайта түлеген киелі Түркістан, шырайлы Шарын шатқалы, берекелі Балқаш, қазақтың інжу-маржаны Бурабай, шығыстың Қатон-Қарағайы сынды мақтанышпен айтатын жерлер көп бізде. Әрқайсысында тұнып тұрған тарих бар. Әрқайсысы әр өңірдің мақтанышы. Олай болса кемел келешекке ұмтылған Қазақстанның туристік әлеуеті де әлі талайларды таңғалдырары сөзсіз.

**Дариға ДАРЫН,**
**№22 мектеп-лицейдің**
**11-сынып оқушысы**



*«Адамдар мәңгі тірі бола алмайды, бірақ есімі есте сақталатын адам бақытты».*
*Әлішер Науаи*



Әбдікәрім Төлегенұлы 1932 жылы 1 қаңтарда Павлодар облысы Екібастұз кеңшарында дүниеге келген. Алматы мединститутын бітіргеннен кейін (КазНМУ им. Асфендиярова) 1956 жылы жолдамамен Павлодар облысының шалғайдағы Куйбышев (қазіргі Ақтоғай) ауданына барып, еңбек жолын аудандық СЭС-тің бас дәрігері болып бастаған, бір жылдан кейін аудандық денсаулық сақтау бөлімін басқарады, кейін 1970 жылға дейін аудандық аурухананың бас дәрігері қызметін атқарған.

# БОРЫШЫНА АДАЛ АДАМ

**Адамзат қоғамының тарихи даму жолына көз тастап, сараптап қарасақ, әр дәуірде, әр заманда, әр аймақта ортадан өз заманында ел бірлігіне, оның ынтымағына, қоғам дамуына еңбегі із тастайтын, келешек ұрпаққа өнегелі өмір жолын, өз есімін қалдыратын ардагер азаматтар болады. Міне, уақытында Баянауыл-Ертіс өңірінде денсаулық сақтау жүйесінің дамуына зор үлес қосқан тәжірибелі ұйымдастырушы, ардагер, абзал азамат – Әбдікәрім Төлегенұлы Қадыров тоқсанға келген шағында өмірден озды.**

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына он жыл ғана өтті, ал шалғай аудандардағы медициналық көмекті тақыр жерден бастап ұйымдастыру керек болды.

Аудан ауылдарында емдеу-алдын алу мекемелері, медициналық жабдықтар болған жоқ, дәрігерлер ғана емес, кіші медперсонал – медбикелер, фельдшерлер, санитарлар да жетіспеді.

Жас маман – бас дәрігер бірнеше апта бойы ауылдарды аралап, алғашқы тың игерушілерге медициналық көмек ұйымдастыру, медициналық кадрларды тарту, мектептерде, балабақшаларда, егістік басында және мал фермаларында санитарлық-ағарту жұмыстарымен айналысты.

Ауданда жұмыс істеген жылдары ол ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмектің тиімді жүйесін құра білді, әрбір елді мекенде фельдшерлік-акушерлік пункттер, ірі селоларда учаскелік ауруханалар салынып, жабдықталды және іске қосылды. Осы еңбегі үшін Әбдікәрім Төлегенұлы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Жігерлі, болашағы зор маманды байқап, облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері лауазымына Павлодарға шақырады. Сол жылдары Павлодар облысында туберкулезбен ауру, әсіресе ауылдық жерлерде, жаппай сипат алған кез еді. Қадыров өзіне тән қуатымен жаңа істі қолға алды – диспансерде 14 жыл жұмыс істеген жылдары ол жаңа аурухана корпустарын салдырып, ескірген жабдықтарды ауыстырды, өкпе ауруларын емдеудің жаңа әдістерін енгізді, аурухана аумағы мен іргелес көшелерге қылқан жапырақты ағаштар отырғызып, оны саябақ аймағына айналдырды.

Ә.Қадыров облыстың денсаулық сақтау саласында 54 жыл еңбек етті. Осы уақыт ішінде ол жоғары санатты дәрігерлердің бірнеше буынын тәрбиелеп, отбасылық дәрігерлік әулетті құрды. Оның қызы – Еңлік Әбдікәрімқызы – әке жолын қуып, ізін жалғастыруда, бүгінде ол медицина профессоры, әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, елорданың ірі клиникаларының бірінде директор орынбасары.

Зейнеткер бола тұра, ол Павлодар облысының санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығын құрды, онда 2010 жылдың желтоқсанына дейін жұмыс істеді.

Әбдікәрім Қадыров өз ұжымының ғана емес, сонымен қатар ауданның, қаланың, облыстың қоғамдық-саяси өміріне үнемі белсене қатысатын.

Ол медицина қызметкерлері кәсіподағының Бүкілодақтық съезінің делегаты болып, аудандық және қалалық кеңестердің депутаты, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің алқа мүшесі болып сайланды, КСРО және Қазақстан Республикасының көптеген медальдарымен марапатталды.

Еңбек жолының жарты ғасырында Әбдікәрім Қадыров екі өңірде қызмет етті, осы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан жеке зор үлесі үшін ол «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы» және «Павлодар қаласының құрметті азаматы» атағына ие болды.

Мен «борыш» деген сөзді тақырыпқа кездейсоқ алған жоқпын: Әбдікәрім Қадыров – өзінің өмірлік парызын: адами, дәрігерлік, отбасылық борышын лайықты орындаған жан. Зайыбы Күлзиямен бірге олар 65 жыл тату-тәтті өмір сүрді, ең үздік отбасылық құндылықтар рухында еліміздің лайықты азаматтары болып отырған, 4 бала, 8 немере, 19 шөбере тәрбиеледі.

Ол өзінің бекзат мінезі, парасаттылығымен адамдарды еріксіз баурап алатын өте тартымды, сүйкімді адам болатын, еңбек жасаған ортада қадірлі, сыйлы болды.

Әбдікәрім Қадыров әріптестері, достары, туыстары арасында зор құрмет пен беделге ие болды. Адамды өлтірмейтін, есімін келешек ұрпаққа қалдыратын – көзі тірісінде жасап кеткен еңбегі, артында қалдырған ұрпағы, тіршілігінде өмір жолында араласқан азаматтардың ортасында құрмет пен сыйға бөленген, өзі болған ортада ынтымақ пен бірліктің негізін қалаған азамат.

Қорыта келгенде, Әбдікәрім ағамыздың өнегелі өмірі табиғат пен уақыттың өзіндей жүйелі тәртіппен өткен өнегелі өмір жолын қалдырды. Балаларының талабы бойынша өмірінің соңғы он жылында Әбдікәрім Қадыров елордада тұрып, осында жерленген. Оның өмірі – жас ұрпаққа үлгі, оның жарқын бейнесі – мәңгі біздің жүрегімізде.

**Зайролла ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ,**
**ҚР ҰҒА академигі**

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 04.06.2021 №42/6-VII

# Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI «Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының «Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21979 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 596 348 575 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 354 923 599 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 6 839 607 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 25 000 000 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша – 209 585 369 мың теңге;
2) шығындар – 582 784 017,7 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 24 584 103 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 26 157 002 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 1 572 899 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 10 924 876 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 10 924 876 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – (-21 944 421,7) мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 21 944 421,7 мың теңге;
7) қарыздар түсімдері – 14 331 994 мың теңге;
8) қарыздарды өтеу – (-35 583 573) мың теңге;
9) бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 43 196 000,7 мың теңге.»;

көрсетілген шешімнің 4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«4. Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті атқарушы органының 2021 жылға арналған резерві 3 971 000 мың теңге сомасында бекітілсін.».

Аталған шешімге 1,4,6,9,12,15-қосымшалар осы шешімге 1, 2, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы Н.Копешов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Е.Каналимов**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» (ЭжБЖБ) мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Маңқараев**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының /қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 10.06.2021
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №22982 болып енгізілді

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 4 маусымдағы № 42/6-VII шешіміне 1-қосымша**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI шешіміне 1-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласының 2021 жылға арналған бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы мың тенге |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Кірістер | 596 348 575 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 354 923 599 |
| | 01 | | Табыс салығы | 215 787 478 |
| | | 1 | Корпоративтік табыс салығы | 95 024 151 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 120 763 327 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 91 102 744 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 91 102 744 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 38 696 726 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 30 531 412 |
| | | 3 | Жер салығы | 1 461 251 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 6 704 063 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 5 809 317 |
| | | 2 | Акциздер | 211 000 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 3 498 079 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 2 100 238 |
| | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 3 527 334 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 3 527 334 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 6 839 607 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 2 332 859 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 30 000 |
| | | 4 | Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер | 40 000 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 322 000 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 1 940 859 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 3 739 774 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 3 739 774 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 766 974 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 766 974 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 25 000 000 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 23 300 000 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 23 300 000 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 1 700 000 |
| | | 1 | Жерді сату | 900 000 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 800 000 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 209 585 369 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 209 585 369 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 209 585 369 |

| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | II. Шығындар | 582 784 017,7 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 18 374 954,0 |
| | 111 | | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты | 183 237,0 |
| | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету | 181 033,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 204,0 |
| | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 1 463 176,0 |
| | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету | 1 386 698,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 76 478,0 |
| | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 1 706 748,0 |
| | | 001 | Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 698 336,0 |
| | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 8 412,0 |
| | 332 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы | 10 747 589,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 420 509,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 10 541,0 |
| | | 005 | Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу | 7 825 081,0 |
| | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 2 462 933,0 |
| | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату | 28 525,0 |
| | 337 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы | 1 813 579,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы, еңбек, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 651 649,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 8 988,0 |
| | | 005 | Халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері жөнінде халықтың мемлекеттік органдармен, коммуналдық кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер | 1 100 592,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 52 350,0 |
| | 343 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы | 407 307,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық шаруашылық салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 405 734,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 573,0 |
| | 344 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы | 420 070,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет, қала құрылысы, жер қатынастарын реттеу салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 417 250,0 |
| | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 820,0 |
| | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 271 215,0 |
| | | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 237 693,0 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 32 292,0 |
| | | 014 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 230,0 |
| | 357 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 538 987,0 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 534 245,0 |
| | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 742,0 |
| | 362 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы | 188 364,0 |
| | | 013 | Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 188 364,0 |
| | 369 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы | 299 739,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 83 325,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 480,0 |
| | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 215 934,0 |
| | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 22 000,0 |
| | | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 22 000,0 |
| | 379 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы | 312 943,0 |
| | | 001 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 310 451,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 492,0 |
| 02 | | | Қорғаныс | 2 123 951,0 |
| | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 1 011 433,0 |
| | | 010 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 234 362,0 |
| | | 011 | Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс | 40 003,0 |
| | | 012 | Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру | 598 188,0 |
| | | 014 | Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою | 138 880,0 |
| | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 436 364,0 |
| | | 030 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 436 364,0 |
| | 387 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы | 676 154,0 |
| | | 005 | Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою | 676 154,0 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 18 245 742,0 |
| | 335 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы | 3 705 197,0 |
| | | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 3 705 197,0 |
| | 352 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 14 502 646,0 |
| | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету | 12 329 670,0 |
| | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 14 458,0 |
| | | 004 | Нұр-Сұлтан қаласында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер | 18 034,0 |
| | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 140 484,0 |
| | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 37 899,0 |
| | | 004 | Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту | 1 000,0 |
| | | 099 | Зираттар бар крематорийлер салу | 36 899,0 |
| 04 | | | Білім беру | 137 972 798,0 |
| | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 2 474,0 |
| | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 2 474,0 |
| | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 683 883,0 |
| | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 200 565,0 |
| | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 380 419,0 |
| | | 044 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету | 102 899,0 |
| | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 120 751 782,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 516 744,0 |
| | | 003 | Жалпы білім беру | 28 467 015,0 |
| | | 004 | Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 2 350 554,0 |
| | | 005 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 2 632 756,0 |
| | | 008 | Балаларға қосымша білім беру | 3 896 716,0 |
| | | 009 | Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 185 017,0 |
| | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 022,0 |
| | | 013 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 180 574,0 |
| | | 014 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 1 162 590,0 |
| | | 019 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 27 336,0 |
| | | 021 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері | 179 017,0 |
| | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 9 399 395,0 |
| | | 027 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 11 470,0 |
| | | 029 | Әдістемелік жұмыс | 590 387,0 |
| | | 034 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту | 22 559 846,0 |
| | | 038 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау | 2 298 991,0 |
| | | 040 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 41 021 965,0 |
| | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 1 654 683,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3 564 704,0 |
| | | 080 | Нұрсұлтан Назарбаев Қорының "EL UMITI" таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру | 50 000,0 |
| | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 12 941 230,0 |
| | | 028 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 12 929 037,0 |
| | | 037 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 12 193,0 |
| | 381 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 3 593 429,0 |
| | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 3 593 429,0 |
| 05 | | | Денсаулық сақтау | 12 338 911,0 |
| | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 12 240 911,0 |
| | | 001 | Жергілікті денгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 320 038,0 |
| | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 532 993,0 |
| | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 38 912,0 |
| | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 136 091,0 |
| | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 700,0 |
| | | 017 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 655 487,0 |
| | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 122 349,0 |
| | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 2 770 030,0 |
| | | 029 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары | 153 321,0 |
| | | 030 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 590,0 |
| | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 4 159 568,0 |
| | | 039 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі | 305 371,0 |
| | | 041 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 2 030 960,0 |
| | | 052 | COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алуға бағытталған күрделі шығыстар | 1 013 501,0 |
| | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 98 000,0 |
| | | 038 | Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 98 000,0 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 21 999 848,0 |
| | 333 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы | 20 348 455,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 536 436,0 |
| | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 051 623,0 |
| | | 003 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 2 551 924,0 |
| | | 004 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 3 589 975,0 |
| | | 006 | Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 190 898,0 |
| | | 007 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 20 000,0 |
| | | 008 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек | 4 038 559,0 |
| | | 009 | Мүгедектерді әлеуметтік қолдау | 892 044,0 |
| | | 013 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 24 700,0 |
| | | 015 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 1 590 579,0 |
| | | 016 | Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу | 221 758,0 |
| | | 018 | Қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға әлеуметтік қызмет көрсету орталығында және үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 826 237,0 |
| | | 019 | Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 505 058,0 |
| | | 020 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 561 134,0 |
| | | 022 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 109 066,0 |
| | | 026 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 900,0 |
| | | 028 | Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер | 130 758,0 |
| | | 030 | Жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз ету | 444 495,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 116 392,0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 045 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 802 279,0 |
| | | 053 | Кохлеарлық имплантталарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 140 140,0 |
| | | 057 | Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету | 1 500,0 |
| | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 939 502,0 |
| | | 016 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 815 766,0 |
| | | 017 | Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау | 123 736,0 |
| | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 56 891,0 |
| | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 56 891,0 |
| | 383 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы | 655 000,0 |
| | | 068 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру | 655 000,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 139 759 927,2 |
| | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 40 938 932,0 |
| | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 2 950 845,0 |
| | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 19 948 843,0 |
| | | 010 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 174 767,0 |
| | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 17 864 477,0 |
| | 336 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы | 21 282 763,0 |
| | | 007 | Қаланы абаттандыру және көгалдандыру | 101 804,0 |
| | | 017 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 20 716 773,0 |
| | | 041 | Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу | 464 186,0 |
| | 343 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы | 31 245 141,0 |
| | | 005 | Коммуналдық шаруашылықты дамыту | 448 489,0 |
| | | 006 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 1 996 121,0 |
| | | 007 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 24 602 942,0 |
| | | 008 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 4 092 589,0 |
| | | 018 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 105 000,0 |
| | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 40 703 767,2 |
| | | 012 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 17 463 232,5 |
| | | 013 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 2 809 618,0 |
| | | 017 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 4 039 625,7 |
| | | 029 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды сатып алу | 50 000,0 |
| | | 034 | Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру | 5 870,0 |
| | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 16 335 421,0 |
| | 383 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы | 5 589 324,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласында тұрғын үй мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 546 661,0 |
| | | 004 | Авариялық және ескірген тұрғын үйлерді бұзу | 219 641,0 |
| | | 006 | Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру | 719 619,0 |
| | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 400,0 |
| | | 008 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 43 401,0 |
